

БҰЙРЫҚ20 23 жылғы 12 10
Астана қаласы**ПРИКАЗ**№ 119
город Астана**Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы
жұмысын ұйымдастыру,
қызметін жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасының 2.4 тармағын, «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК 2023 жылғы 26 қыркүйектегі № 1356 хатын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2024 оқу жылында балабақшада «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» (әрі қарай - Орталық) жұмысы ұйымдастырылсын.

2. Төмендегі функционалды міндеттермен қоса балабақшаның ішкі тәртібі бекітілсін.

2.1 Орталық қызметіне басшылық жасау және бақылау балабақша меңгерушісіне жүктелсін;

2.2 Балабақша әдіскеріне:

- бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті ұйымдастырып, жоспар құрастырсын;

- ата-аналар мен педагогтердің бағдарламаға қатысуын қамтамасыз ету;

- Орталық аясында өтетін сабақтардың кестесін жасап, бекіту.

- Орталық қызметі туралы ақпаратты жоғары уәкілетті органдарға уақытылы жеткізу жүктелсін.

2.3 Шаруашылық меңгерушіге:

- Орталық қызметін ұйымдастыруда ата-аналармен сабақ өтуі үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, техникалық қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту, сабақ өтуі барысында санитарлық-гигиеналық талаптар мен балабақшаға бөгде адамдардың кірмеуін қамтамасыз ету жүктелсін.

3. Орталық жұмысы жоспарына «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметі негізінде балабақша пен отбасының өзара әрекеттесуі» жаңа бағыты енгізілсін.

4. Педагогтерге ата-аналарға арналған сабақ бағдарламасының вариативті компонентінің әзірлемесін құрастыруға әдістемелік қолдау көрсету әдіскерге жүктелсін.

5. Орталықтың жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу, ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету, ата-аналар жиналыстарында Орталық жұмысының тәжірибесімен таныстыру тәрбиешілерге, Орталықтың жұмыс тобына жүктелсін.

6. Орталық қызметі туралы БАҚ мен әлеуметтік желілерде, балабақша сайтында жариялансын, бірлескен табысты тәжірибе таратылып, Орталық қызметіне балабақшаның өзін-өзі басқару ұйымы, қоғамдық ұйымдар мен Қамқоршылық кеңесі, әлеуметтік серіктестер мен демеушілер тартылсын.

7. Балабақша әкімшілігі мен педагогикалық ұжым ата-аналардың облыстық республикалық форумында тәжірибе таратуға және Орталық қызметінің нәтижелігін арттыру бойынша жұмыстарға белсене қатыссын.

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

Менгеруші



[Handwritten signature]

Ф.Даримова